

<https://doi.org/10.31489/2024Ped4/146-156>

ӨОЖ 373.24

Мақаланың редакцияға түскен күні: 19.04.2024 ж. | Қабылданған күні: 04.10.2024 ж.

В.В. Николаева^{1*}, О.А. Михалькова², Р.К. Керимбаева³, Н.В. Ившина⁴

^{1,4}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²Сочи мемлекеттік университеті, Сочи, Ресей;

³М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан
(*Хат-хабарларға арналған автор e-mail: nww.88@mail.ru)

¹ORCID 0000-0002-1528-5788,

²ORCID 0000-0002-4507-7883,

³ORCID 0000-0003-0430-1831,

⁴ORCID 0009-0005-7254-4335

5-6 жастағы балаларда дербестікті дамыту бойынша эксперименттік зерттеу

Қазіргі қоғамға тез бейімделгіш, белсенді және шығармашыл тұлғаны даярлау мектепке дейінгі ұйымның негізгі талабы. Тәрбиешіні бірінші кезекке білімнің тәрбиелік маңызын, яғни баланы өсіп келе жатқан іс-әрекет субъектісі ретінде, оның еркін дамуы мен педагогикалық басшылық арасындағы тепе-теңдікті орнатуға бағыттайды. Педагогтар мен ата-аналардың балалар дербестігін тәрбиелеуге баса назар аударуы қазіргі өмір салтымен, тұлғаның әлеуметтік және интеллектуалдық белсенділігінің өзгеруімен анықталады. Болашақта мектепке дейінгі және мектеп жасындағы зияткерлік қабілеттердің қалыптасу деңгейі көбінесе адамның ақпараттың жылдам ағымында шарлау және оның алдында тұрған міндеттерді өз бетінше шешу мүмкіндігімен анықтайды. Міндеті: 5-6 жастағы балаларда дербестіктің қалыптасу деңгейін анықтау. Зерттеу әдісі ретінде сандық тәсіл қолданылды. Бұл зерттеуге 36 адам қатысты, 4 әдіс қолданылды. «Дербестік» ұғымына, дербестіктің дамуына әсер ететін факторларға, сонымен бірге ата-аналардың рөліне сараптама жасалды. Тұжырымдай айтсақ, зерттеу нәтижелері 5-6 жастағы балаларда дербестікті қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйым педагогтарына жүйелі және мақсатты түрде жұмыс істеу қажет екенін көрсетеді.

Кілт сөздер: дербестік, дербестікті дамыту, мектепке дейінгі ұйым, мектепке дейінгі жас, 5-6 жас, зерттеу, эксперимент, факторлар, әдістер.

Kipicne

Мектепке дейінгі жас балалардың өзіндік бастамашылдық әрекеттерін қамтамасыз ететін, өзіндік дербестігін қалыптастыратын дамытудың өнімді кезеңін білдіреді. Мектепке дейінгі ұйымның басты мәселелерінің бірі — балалардың шығармашылық бастамасын қалыптастыру үшін қолайлы білім беру ортасы мен жайлы психологиялық-педагогикалық жағдайларды құру.

К.Т. Ferguson өзінің зерттеу жұмысында баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасын былай деп сипаттайды: «Қоршаған ортадағы табиғи факторлар баланың дамуы мен ерте балалық шақтағы дербестікке әсер ететіні белгілі. Дегенмен де, дамудың табиғи және жайлы аясын қамтамасыз ету үшін, балалардың ортасы таза және қауіпсіз болуы қажет» [1].

Қазіргі мектепке дейінгі тәрбиеде оқытудың жаңа технологияларын жандандыру, балалардың танымдық қызығушылығын арттыру, дамуға жағдай жасау, әлемді тұтастай тану қажеттілігін қалыптастыруға басымдық берілуде.

Еліміздің білім беруді дамыту бағдарламасында жаңа білім траекториясы баланы дамыту моделіне негіздеп, оған педагогикалық қолдау көрсету, оның әлемді дербес тануына, өзінің әлеуетін ашуға және жеке мүдделері мен қажеттіліктеріне сай құруды талап етеді [2]. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында [3] баланы мектепке даярлау оқытудың мазмұны мен оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптарға сай айқындалған. Мұндағы негізгі мақсат баланы мектепке даярлауда, оның дербестігі мен тұлғалық дамуына басымдық беріледі.

Мектепалды жаста өзін-өзі қамтамасыз етуді қалыптастыру баланың әр түрлі іс-әрекеттерді (ойын, оқу, еңбек) игеруімен байланысты, онда ол өзінің жеке ұстанымын көрсету құқығын біртіндеп игереді. Өзін-өзі қамтамасыз етуді дамыту қажеттілігі қоғамның қажеттіліктерінен туындайды, ол стандартты емес, шығармашыл ойлауды, адамзаттың игілігі үшін жаңалықтар аша білуді талап етеді. Осы мәселе бойынша қорыта айтқанда, тұлғаның дербестігін дамыту үдерісі, оның негізгі ерекшелігі, көрінісі ретінде адамның түрлі заманауи мәселелерді анықтауына, жаңа шешімдер табуға мүмкіндік беретін сипаты болып табылады [4].

L. Margaretha өз зерттеулерінде дербестікті: «Дербестік адам өмірінде өте маңызды, өйткені дербестік алған кезде балалар өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға жауапкершілікпен қарай алады және олардың өзіне деген сенімділігі артады. Дербестік сезімі бар бала ғана қоршаған ортаға жеңіл бейімделе алады және туындаған қиындықтарды жеңе алады. Дербестікті тәуелділіктің еркін тұлғалық формасы ретінде түсіндіруге болады, әлеуметтенусіз адам тұлға ретінде қоршаған ортаға ене алмайды, өзін-өзі бағыттай алмайды», - деп түсіндіреді [5].

Дербестік тек нақты білім, білік, дағдыны меңгерудегі көрсеткіш емес, сонымен бірге кез келген іс-әрекеттегі адами қатынастардың шектеулерін еңсеруде де көрінетін тұлғаның дара қасиеті. Мектепке дейінгі жастағы баланың дербестігі тұлғалық қалыптасудың алғашқы көрінісі ретінде, ерекше маңызға ие болады. Бұл кезеңде балалар өмірлік дағдыларды меңгеріп, үлкендерге еліктеу арқылы өзін-өзі қалыптастыратын, дербестіктің алғашқы сипаттарына ие болатын шақ болып табылады. Бала көп нәрсені өз бетімен жасауды үйренсе, бұл олардың өз қабілеттеріне деген сенімділігін арттырады, жауапкершілікті дамытады және өзіне, қоршаған әлемге оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Мектепке дейінгі жастағы баланың дербестігі, әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру және шешім қабылдау сияқты когнитивті қызметтердің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, әртүрлі тапсырмалар мен мәселелерді өз бетінше шеше білу, балаларға шығармашылық ойды дамытуға және жағдаяттардан шығуға дәстүрден тыс тәсілдерді ойлап табуға көмектеседі. Нәтижесінде, мектепке дейінгі жастағы дербестік, оның болашақта табысты болуына, түрлі жағдайға бейімделуге, жағымды мінез-құлықты тәрбиелеуге негіз болып табылады.

Балалар дербестігін қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары қазақстандық (Н.Г. Сәрсенова, К.Ж. Туребаева, Р.К. Керимбаева, С.А. Абдуллаева) және ресейлік (Г.А. Балл, П.И. Пидкасистый, А.Г. Хрипкова, Г.Н. Година, А.А. Люблинская) ғалымдардың ерекше назарына алынып, «дербестік», «балалар дербестігі» мәселесі түрлі аспектіде зерттелген.

Н.Г. Сәрсенова мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық ерік-жігері, оның көңіл-күйі, ішкі сезімдері тұрақты дамығанда, оның тұлғалық дербестік сапалары қалыптасатындығын дәлелдеген [6].

К.Ж. Туребаева өз еңбегінде, дербестік мәселесін мектепке даярлаудың негізгі талабы ретінде қарастырып, балалардың мектепке бейімделуінің басты көрсеткіші тұрғысынан зерттеген [7].

Р.К. Керимбаеваның еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың өз-өзіне деген сенімділігі мен өзіндік дербестігі, оны қоршаған ортадағы үлкендер мен ата-анасына тікелей байланысты екендігі қарастырылған [8].

А.А. Люблинская дербестікті былайша сипаттайды: бұл баланың тәжірибелік іс-әрекеті, шектеулі мүмкіндікті пайдаланып, баланың өзіндік ерік-жігерін танытуы, кейбір тәуелсіздігін көрсете білу қабілеті [9].

А.К. Осницкийдің анықтамасында, дербестік баланың өзгенің көмегінсіз іс-әрекет жасау дағдысы деп қарастырылады [10].

И.С. Кон өзін-өзі қамтамасыз етудің маңыздылығын адамның басты қасиеті деп санайды, бұл шығармашылық қабілетті дамытып, өзін-өзі жүзеге асыруға негіз болады деп тұжырымдайды [11].

«Орыс тілінің түсіндірме сөздігі» мынадай тұжырымдама береді: педагогикадағы дербестік — тұлғаның ерікті сапаларының бірі. Бұл әр түрлі жағдайлардың әсеріне берілмей, өз көзқарасы мен уәждер негізінде іс әрекет жасау дағдысы [12].

J.W. Santrock пікірі бойынша «Дербестіктің пайда болуы жай ғана болмайтын құбылыс, балалардың дербестігіне әсер ететін факторлардың бірі — ата-аналардың қолданатын үлгісі. Демократиялық қарым-қатынас ұстанымы бала тәрбиесінің дербестігін дамытатындығын дәлелдеген» [13].

Осы тұрғыда психология-педагогикалық әдебиеттерді талдау, бізге мынадай қортынды жасауға мүмкіндік берді. Мектеп жасына дейінгі балалардың дербестігі — бұл тәуелсіз іс әрекетке, пайымдауларға, бастамаларға, өзін-өзі жүзеге асыруға бағыттайтын қабілет.

Әдістер мен материалдар

Баланың өзін-өзі басқару арқылы өзінің жинақтаған білім, дағды, іскерліктерін ұштастырып күнделікті қарым-қатынаста, іс-әрекетте жүзеге асыруы, оның дербестігінің көрінісі болып табылады. Ол өз кезегінде балалардың дербестік деңгейі туралы түсінік беретін критерийлерді қалыптастырады:

- Баланың іс-әрекетке қызығушылығының болуы;
- Мақсатын, мазмұнын, қызмет құралдары мен әдістерін таңдау кезінде ешкімнің қолдауынсыз жұмыс істеу дағдысын, өз бетінше орындауы;
- Орындаушылық, бастамашылық, жауапкершілік таныту;
- Өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өз әрекеттерін бағалаудың болуы.

Зерттеу барысында теориялық әдебиеттерге шолу, 5-6 жастағы балалардың дербестігін қалыптастыру үдерісі ойын арқылы арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет барысында дамитыны тұжырымдалды.

Диагностикалық топтаманы құрастыру кезінде, біз өз көзқарасымыз бойынша, көптеген әдістемелерге талдау жасап, тәрбиешілер үшін өте қолайлы және қарапайым әдістемелерді іріктеп алдық.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік-эксперименттік бөлімі Қарағанды облысы әкімдігінің Білім басқармасы, Қарағанды қаласының білім бөлімінің «Алданыш» бөбекжай-бақшасы базасында жүргізілді. Зерттеуге № 2 «Айгөлек» түзету (логопедиялық) тобының 5-6 жастағы 18 баласы қатысты, олар эксперименттік топты құрады. Сондай-ақ эксперименттік топтың ата-аналары (18 адам) қатысты.


Анықтаушы эксперимент кезеңін өткізу үшін, біз бірнеше әдістемелерді таңдадық: ата-аналарға арналған тест-сауалнама «Сіздің балаңыз қаншалықты дербес?» (авторы О.Н. Рягузова), «Нелепицы» (авторы Р.С. Немов), «Мұнда не артық?» (авторы Р.С. Немов), «Тауып көр, бұл қандай зат» (авторы М.Н. Полякова) [14-16]. Таңдалған әдістемелер балалардың жас ерекшеліктеріне сай, мектеп жасына дейінгілердің тұлғалық дамуындағы дербестігін бағалау мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар бала өмірінің әртүрлі саладағы іс-әрекетін, қарым-қатынасын тұлғаның дербестік деңгейін өлшеуге арналған құралдарды ұсынады және шығармашылық қабілетті, логикалық ойды, түрлі жағдайда шешім таба білу ерекшеліктерін арттырады. Бұл аспектілер баланың күнделікті өмірінде және оқу үдерісінде пайдалы болатын дербестік дағдыларын қалыптастырудың кілті. Осылайша, бұл әдістемелер дербестік деңгейін бағалауға ғана емес, сонымен бірге оның дамуына белсенді ықпал етеді, педагогикалық тәжірибеде және ата-аналардың тәрбие барысындағы әрекеттері үшін маңызды.

Нәтижелер және оларды талдау

Эксперименттің анықтаушы кезеңінің мақсаты: эксперименттік топтағы 5-6 жастағы мектеп жасына дейінгі балаларда дербестіктің даму деңгейін анықтау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында 5-6 жастағы балалардың дербестік деңгейін анықтау үшін тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты ата-аналарының пікірі бойынша үй жағдайында балаларының дербестігін анықтау, оның көріністерін, деңгейін талдау. Бұл әдістеме өз кезегінде ата-аналардың балаларының өзін-өзі күту, қарым-қатынас, тапсырмаларды орындау және шешім қабылдау сияқты өмірінің әртүрлі салаларындағы дербестік деңгейін қалай бағалайтыны туралы құнды ақпарат жинауға мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері мектеп жасына дейінгі балаларда дербестікті дамыту бағдарламасын одан әрі талдауға және әзірлеуге негіз болады. Ата-аналардың пікірі мен көзқарасы бойынша, олардың балаларының дербестігін дамытуға деген үміттерінің зор екендігі анықталды. Мұндай көзқарас қазіргі қоғамға баланың қандайда бір ортаға жеңіл бейімделуі мен оқу іс-әрекетін еркін меңгеріп кетуіне мүмкіндік береді.

Ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша «Сіздің балаңыз қаншалықты дербес?» атты (авторы О.Н. Рягузова) эксперименттің анықтаушы кезеңінде келесі қалыптастыру мәндері табылды (1-сурет, 1-кесте):



1-сурет. Эксперименттің анықтаушы кезеңіндегі «Сіздің балаңыз қаншалықты дербес?» (авторы О.Н. Рягузова) ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

1 - к е с т е

Эксперименттің анықтаушы кезеңіндегі «Сіздің балаңыз қаншалықты дербес?» (авторы О.Н. Рягузова) ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Деңгей	Абсолютті шамадағы сан	Пайыздық мөлшер
Жоғары	7	39 %
Орташа	8	44 %
Төмен	3	17 %
Барлығы	18	100 %

7 балада дербестіктің жоғары деңгейі анықталды, бұл олардың дербес істердегі белсенді бастамасынан, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауынан және жеке кеңістікті ұйымдастыруынан көрінді. Бұл балалар модельдеу және сурет салу сияқты әртүрлі әрекеттерді сәтті орындайды. Ересектер мен құрбы-құрдастарымен еркін диалогқа түсе алады, моральдық және этикалық нормалар мен ережелерді қабылдайды.

8 балада дербестіктің орташа деңгейі анықталды. Олар кейде дербес әрекеттерде бастама көтереді, бірақ әрқашан тапсырмаларды жауапкершілікпен орындай бермейді. Бұл балалар ата-аналарының өтінішінен кейін заттары мен ойыншықтарын тазалай алады, бірақ көбінесе өнімді әрекеттерді орындау кезінде ересектердің көмегіне жүгінеді. Олардың моральдық нормалар мен ережелерге бейімділігі әрдайым тұрақты бола бермейді.

3 балада дербестіктің төмен деңгейі анықталды. Олар дербес істерде бастама көтермейді, берілген тапсырмаларды орындаудан бас тартады және ересек адамның қатысуынсыз өнімді іс-шаралармен айналыспайды. Сонымен қатар, бұл балалар моральдық нормалар мен ережелерді үнемі сақтай бермейді.


Балалардың еркін логикалық талдау және дұрыс шешімдерді табу қабілетін дамыту үшін біз Р.С. Немовтың «Нелепицы» деп аталатын әдісін қолдандық.

Бұл әдістеменің мақсаты — балалардың айналасындағы әлем туралы бейнелі идеяларын және олардың логикалық ойы, жануарлар, өсімдіктер және қоршаған табиғат сияқты ортақ объектілер арасындағы байланыстар мен қатынастарды табу қабілеттерін бағалау. Әдіс сонымен қатар баланың логикалық тұрғыдан өз бетінше ойлау және дұрыс шешімдер табу қабілетін арттыруға бағытталған.

Балалардың дербес логикалық ойлау және дұрыс шешім қабылдай алуын анықтау мақсатында біз Р.С. Немовтың «Нелепицы» әдістемесін қолдандық.

Әдістемені жүргізу рәсімі жеке-жеке жүзеге асырылды және әр балаға тапсырманы орындауға 3 минут уақыт бөлінді.

«Нелепицы» әдісі бойынша балалардың дербестік деңгейін бағалау (авторы Р.С. Немов) эксперименттің анықтаушы кезеңінде келесідей болды (2-сурет, 2-кесте):



2-сурет. Эксперименттің анықтаушы кезеңінде «Нелепицы» әдісі бойынша балалардың дербестік деңгейін бағалау (авторы Р.С. Немов)

2 - к е с т е

Эксперименттің анықтаушы кезеңінде «Нелепицы» әдісі бойынша балалардың дербестік деңгейін бағалау (авторы Р.С. Немов авторы)

Деңгей	Абсолютті сандағы сан	Пайыздық мөлшер
Жоғары	4	22 %
Орташа	8	45 %
Төмен	6	33 %
Барлығы	18	100 %

«Нелепицы» әдістемесінің нәтижелеріне сүйене отырып, 4 бала 8-ден 10-ға дейін ұпай жинап, дербестіктің жоғары деңгейін көрсетті. Олар берілген уақыт ішінде суреттегі барлық жеті қисынсыздықты сәтті тапты және ненің дұрыс емес екенін өз бетінше түсіндіре алды, сонымен қатар шын мәнінде қалай болу керектігін көрсете алды.


8 бала 4-тен 7-ге дейін балл жинап, дербестіктің орташа деңгейін көрсетті. Олар суреттегі барлық қисынсыздықты байқады, бірақ бәрі бірдей қалай болу керектігін толық түсіндіре алмады немесе көрсете алмады.

4 балада дербестіктің төмен деңгейі анықталды, олар 3 балл жинады. Бөлінген уақыт ішінде бұл балалар 1-ден 4-ке дейінгі қисынсыздықты анықтай алмады және түсіндіре алмады.

Балалардың дербестік туралы түсініктерін анықтау және оның маңыздылығын түсіну үшін біз М.Н. Полякованың «Тауып көр, бұл қандай зат» деп аталатын әдістемесін қолдандық.

Бұл әдістеменің мақсаты — балаларға белгісіз затты беру арқылы танымдық дербестіктің даму деңгейін анықтау. Танымдық дербестік деңгейін бағалау нәтижелері «Тауып көр, бұл қандай зат» әдісі бойынша балалардың бейтаныс объект туралы өз бетінше талдауға және қорытынды жасауға қаншалықты қабілетті екенін анықтауға мүмкіндік берді.

«Тауып көр, бұл қандай зат» (авторы М.Н. Полякова) әдістемесі бойынша танымдық дербестік деңгейін бағалау, келесідей (3-сурет, 3-кесте):



3-сурет. Эксперименттің анықтаушы кезеңінде «Тауып көр, бұл қандай зат» (авторы М.Н. Полякова) әдістемесі бойынша танымдық дербестік деңгейін бағалау

3 - к е с т е

Эксперименттің анықтаушы кезеңінде «Тауып көр, бұл қандай зат» (авторы М.Н. Полякова) әдістемесі бойынша танымдық дербестік деңгейін бағалау

Деңгей	Абсолютті сандағы сан	Пайыздық мөлшер
Жоғары	3	17 %
Орташа	7	39 %
Төмен	8	44 %
Барлығы	18	100 %


Осылайша, танымдық дербестіктің жоғары деңгейі 3 балада анықталды, олар жаңа тапсырмаларға деген қызығушылық танытты, түрлі әрекетті қолданып, ұзақ зерттеді, осы затқа қатысты сұрақтар қойылды, оның қолданылуы туралы болжамдар жасады, ол туралы тағы не білуге болатындығы туралы айта алды, алынған нәтижені дербес бағалады. Сондай-ақ зерттеу барысында балаларға жанама сұрақтар мен түрлі әдістер қолданылды.

Дербестіктің орташа деңгейі 7 балада байқалды, олар да тақырыпқа ұзақ қызығушылық танытты, оны тану мақсатында онымен бірнеше іс әрекет жасады, оның қолданысы туралы болжам жасай алады, затқа қатысты өздерін қызықтырған сұрақтарды қояды, өздері үшін маңызды нәтиже, оған қол жеткізу жолдары туралы айтады және бағалай біледі.

Дербестіктің төмен деңгейі 8 балада байқалды, олар жаңа объектіге онша қызығушылық танытпады немесе мүлдем қызығушылық танытпады, затты аз уақыт қарап, ол туралы сұрақ қоя алады, бірақ оның қажеттілігі туралы сұрақтарға жауап беруде қиындықтарға тап болды және ол туралы көбірек ақпарат алуды білмеді, оның қажеттілігі туралы айта алмайды.

Бейнелі-логикалық ойлаудың дамуын және балалардағы ақпаратты талдау және жалпылау қабілетін зерттеу үшін біз «Мұнда не артық?» Р.С. Немов әдістемесін қолдандық. Әдістеменің негізгі мақсаты балалардағы бейнелі-логикалық ойлау процестерін талдау мен жалпылаудың психикалық операцияларын зерттеу.

Балалардың бейнелі-логикалық ойлауының даму деңгейін «Мұнда не артық?» (авторы Р.С. Немов) әдістемесі арқылы бағалау, келесідей болды (4-сурет, 4-кесте):




4-сурет. Эксперименттің анықтаушы кезеңіндегі «Мұнда не артық?» (авторы Р.С. Немов) балалардың бейнелі-логикалық ойлауының даму деңгейі

4 - к е с т е

Эксперименттің анықтаушы кезеңіндегі «Мұнда не артық?» (авторы Р.С. Немов) балалардың бейнелі-логикалық ойлауының даму деңгейі

Деңгей	Абсолютті шамадағы сан	Пайыздық мөлшер
Өте жоғары	2	11 %
Жоғары	3	17 %
Орташа	8	44 %
Төмен	4	22 %
Өте төмен	1	6 %
Барлығы	18	100 %

Алынған нәтижелерді талдай отырып, біз әр топтың балаларының дербестік деңгейін анықтадық (5-сурет, 5-кесте):



5-сурет. Анықтаушы эксперимент кезеңінде 5-6 жастағы балалардың дербестік деңгейін жиынтық бағалау

Анықтаушы эксперимент кезеңінде 5-6 жастағы балалардың дербестік деңгейін жиынтық бағалау

Деңгей	Абсолютті шамадағы сан	Пайыздық мөлшер
Жоғары	3	17 %
Орташа	12	66 %
Төмен	3	17 %
Барлығы	18	100 %

Анықтаушы эксперименттен кейін біз 18 баланың 3-еуі ғана дербестіктің жоғары деңгейін көрсеткенін айқындадық. Бұл балалар ересектермен де, құрдастарымен де қарым-қатынас жасауға дайын екендіктерін көрсетті, түрлі ойын және бірлескен іс-шараларда белсенділік танытты. Балалармен қарым-қатынас барысында туындаған жаңа жағдайларда дербестікке тұрақты қызығушылық танытқандығын байқадық. Олар дербестіктің жоғары дәрежелі көрсеткіштеріне тән білік, дағды, іскерлік машықтарына ие. Дербес іс-әрекет үдерісінде табандылық, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару, өз жұмысын сыни бағалауды көрсетті. Балалар өз жұмыстарының нәтижелерін жақсартуға тырысқаны, жаңалық ендіру, өзіндік ерекшелік білдіруге тырысқаны анықталды. Мұндай балалар моральдық нормалар мен ережелерге бейімді, эмоционалды тұрақтылықты көрсетті.

12 бала үшін дербестіктің орташа деңгейі белгіленді. Олар белгілі бір білік, дағды, іскерлік машықтарын меңгергенімен дербес іс-әрекетке тұрақсыз қызығушылық танытты. Көбінесе бұл балалар тапсырманы орындау барысында оның дұрыстығын растау үшін ересектерден көмек сұрады. Ересектермен құрбы-құрдастарымен қарым-қатынаста өздерін сенімсіздікте ұстады, олар өзін-өзі бақылау мен нәтижелерді бағалауды ересектердің қолдауымен іске асырды. Сонымен қатар олар үнемі қарым-қатынаста моральдық нормалар мен ережелерді сақтамады [14].

Ерекше көңіл бөлуді қажет ететін 3 бала дербестіктің төмен деңгейін көрсетті. Олар белсенділікке үстірт қызығушылық танытты, бастамашыл емес және қандай да бір жаңалықты нашар қабылдайды. Олардың өз бетінше жұмыс істеуге деген ниеті өзгермелі, олар іс әрекет орындау барысында бірнеше рет құбылып, тұрақсыздық танытты. Мұндай балалар әрқашан моральдық нормалар мен ережелерге бағына бермейді, құбылмалы, эмоционалды тұрақсыз.

Қорытынды

Бастапқы диагностика нәтижелерін жалпы талдау арқылы, 5-6 жастағы балалардың дербестігін қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жүйелі және мақсатты түрде жұмыс жасау қажеттілігін көрсетеді.

Дербестікті қалыптастыру барысында атқарылған жұмыстан байқағанымыз, бүлдіршіндердің өзіндік әрекеттері құрбыларымен қарым-қатынаста, ойында және түрлі ұйымдастырылған іс-әрекетте көрінді. Балалардың күнделікті өмірлік жағдайларда да дербес әрекеттерге өзіндік саналы қызығушылық танытқандығы анықталды. Әсіресе ұйымдастырылған іс-әрекетте балалар тапсырмаларды орындауда өте талапшыл болып, түрлі қиындықтарды өз бетінше шешуге тырысқаны, үнемі өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікке ие екендігін көрсетті. Ойын әрекеті кезінде де, балалар өз қызметтерінің нәтижесі және сапалы болуы үшін қызығушылық танытатындығын байқадық. Қандайда бір іс-әрекетті орындау кезінде балалардың өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару сапаларын меңгергендігіне көз жеткіздік.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, 5-6 жастағы балалардың дербестігін дамыту бойынша жұмыс оң нәтиже береді деп болжауға болады. Ұсынылған мәселені шешу үшін біз тәрбиешілер мен ата-аналарға ұсыныстар әзірледік [15].

Ата-аналарға арналған ұсыныстар:

1. Баланы ойынға қызықтырыңыз.
2. Баламен бірге ойнаңыз.
3. «Жоқ» деген сөзді қолданбаңыз («жасай алмайсың», «қолыңнан келмейді», «тырыспай-ақ қой, бәрібір ештеңе шықпайды»).
4. Баланы жылы сөзбен баурап, әр бастамасын мадақтап, марапаттаңыз.
5. Баланы басқа балалармен салыстырмаңыз.
6. Уақытша сәтсіздіктерге назар аудармаңыз. «Сен бәріне қол жеткізесің» деп ынталандырыңыз.

7. Баланы соңына дейін тыңдауға тырысыңыз. Оның сөзін бөлмеңіз.
 8. Баланың кез-келген жауабы дұрыс, тіпті ол сіздің түсінігіңізден алшақтау болса да, түсінуге тырысыңыз.
 9. Баланың көңіл-күйін ескеріңіз.
 10. Баланы сынамауға тырысыңыз.
 11. Балаңызбен қарым-қатынасыңыз шынайы, қарапайым және мейірімді болсын.
- Тәрбиешілерге арналған ұсыныстар:*
1. Балалардың ойын іс-әрекетін басқарудың негізі, оның қол жетімділігі екендігін ескере отырып, дамытушы ойындар таңдау. Әсіресе басқатырғыштарға ерекше мән беруді қажет етеді.
 2. Ойынды таңдау кезінде қол жетімділік аспектісі деп нені айтуға болады? Басқатырғыш ойындар мектеп жасына дейінгі балаларға арналған болса, онда оны балалар бірден игере ала ма? Ойынды таңдауда балалардың жас және жеке даму ерекшеліктерін ескеру керек.
 3. Балалар арасындағы жеке айырмашылықтарды (ақыл-ойы, қабілеттері, даму деңгейі т.б.) ескеру.
 4. Ойындарды әр балаға сәйкес жеке дара ерекшеліктерге сай таңдау керек.
 5. Ойын мазмұны мен ережесіне сәйкес балаларды біртіндеп ойын іс-әрекетіне тарту. Яғни «жеңілден күрделіге қарай» ережесін сақтау өте маңызды. Ойын барысында балалар бірсыпыра күрделі ойын тапсырмаларын игеріп алғаннан кейін қуанышты сезініп, оданда күрделі ойынға көшуге дайын болады. Балада өз күшіне деген сенемділік, өзіндік дербестік, өз абройын сезіну пайда болады. Басқатырғыш ойындарының күрделі тапсырмаларын, бірте-бірте шешу арқылы баланың ақыл-ой, зейіні, танымдық қызығушылығы қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ferguson K.T. The physical environment and child development / K.T. Ferguson, R.C. Cassells, J.W. MacAllister, G.W. Evans // *An International review. International Journal of Psychology.* — 2013. — 48(4). — 437–468. DOI: 10.1080/00207594.2013.804190
- 2 Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023–2029 годы. (Постановление Правительства РК от 28 марта 2023 года № 249) // Информационно-правовая система нормативных правовых актов РК «Әділет». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
- 3 Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. (Приказ МОН РК от 3 августа 2022 года № 348). — Информационно-правовая система нормативных правовых актов РК «Әділет». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
- 4 Година Г.Н. Самостоятельность как компонент деятельности / Г.Н. Година // *Вопросы психологии.* — 2010. — № 5. — С. 26–34.
- 5 Margaretha L. The Influence of Parents' Parenting Style towards the Independence of Preschool Children / L. Margaretha, N. Kurniah, I.W. Dharmayana, R.N. Sasongko, M. Lutfi // *Indian Journal of Science and Technology.* — 2018. — Vol. 11, No 29. — P. 1–6. DOI: 10.17485/ijst/2018/v11i30/128245
- 6 Сәрсенова Н.Г. Көңіл көгіндегі керуен [Мәгін] / Н.Г. Сәрсенова. — Астана: Фолиант, 2004. — Б. 158.
- 7 Туребаева К.Ж. Балаларды мектепке даярлау әдістемесі / К.Ж. Туребаева. — Ақтөбе, 2019. — Б. 140.
- 8 Керимбаева Р.К. Мектеп жасына дейінгі балаларды түзету-дамыту жұмыстары / Р.К. Керимбаева. — Тараз, 2022. — Б. 150.
- 9 Люблинская А.А. Детская психология: учеб. пос. для студ. пед. ин-тов / А.А. Люблинская. — М.: Просвещение, 1971. — 415 с.
- 10 Осницкий А.К. Психология самостоятельности. Методы исследования и диагностики / А.К. Осницкий. — М.–Нальчик: Изд. центр «Эльфа», 2006. — 205 с.
- 11 Кон И.С. Психология самостоятельности / И.С. Кон. — М., 2007. — 287 с.
- 12 Толковый словарь русского языка / под ред. Д.В. Дмитриева. — М.: Астрель, 2003. — С. 280.
- 13 Santrock J.W. Life-Span Development: Perkembangan Masa Hidup / J.W. Santrock. — Erlangga: Jakarta, 2002.
- 14 Сайт журнала «Образовательная социальная сеть». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2015/11/01/anketa-dlya-roditeley-naskolko-vash-rebenok-samostoyatelen>
- 15 Немов Р.С. Психология: учеб. для студ. высш. пед. учеб. завед. / Р.С. Немов. — Кн. 1: Общие основы психологии. — Гл. 11. Мышление. — М.: ВЛАДОС, 2003. — 688 с.
- 16 Полякова М.Н. Диагностика самостоятельности как интегративной характеристики развития ребенка дошкольного возраста / М.Н. Полякова // *Детский сад: теория и практика.* — 2012. — № 10. — С. 6–18.

В.В. Николаева, О.А. Михалькова, Р.К. Керимбаева, Н.В. Ившина

Экспериментальное исследование по проблеме развития самостоятельности у детей 5–6 лет

Современное общество нуждается в активной, адаптивной, творческой личности, что обуславливает определённое требование к деятельности дошкольных организаций. На первый план выдвинута развивающая функция образования, ориентирующая воспитателя на установление равновесия между свободным развитием ребёнка как подрастающего субъекта деятельности и педагогическим руководством этим развитием. Акцентирование внимания педагогов и родителей на воспитании у детей самостоятельности определяется стилем современной жизни, изменением взглядов на социальную и интеллектуальную активность личности. Уровнем сформированности интеллектуальных способностей в дошкольном и школьном возрасте в дальнейшем во многом определяется возможность человека ориентироваться в стремительном потоке информации и самостоятельно решать возникающую перед ним следующую задачу: определить уровень сформированности самостоятельности у детей 5–6 лет. В качестве метода исследования использовался количественный подход. В данном исследовании участвовало 36 человек, применялось 4 методики. Был проведён анализ понятия «самостоятельность», а также факторов, влияющих на развитие самостоятельности, роли родителей при этом. Результаты исследования показывают, что необходимо систематически и целенаправленно работать педагогам дошкольной организации по формированию самостоятельности у детей 5–6 лет.

Ключевые слова: самостоятельность, развитие самостоятельности, дошкольная организация, дошкольный возраст, 5–6 лет, исследование, эксперимент, факторы, методы.

V.V. Nikolaeva, O.A. Mikhalkova, R.K. Kerimbayeva, N.V. Ivshina

Experimental study on the problem of independence development in 5-6 years old children

The developmental function of education, orienting the educator to establish a balance between the free development of the child as a growing subject of activity and the pedagogical guidance of this development, is put in the foreground. Emphasizing the attention of teachers and parents to the development of children's independence is determined by the style of modern life, changing views on the social and intellectual activity of the individual. The level of formation of intellectual abilities in preschool and school age in the future is largely determined by the ability of a person to navigate in the rapid flow of information and independently solve the problems facing him. Objectives: to determine the level of independence formation in children of 5-6 years old. Methods: a quantitative approach was used as a research method. In this study 36 people participated, 4 methods were used. Analysis: the concept of "independence", factors influencing the development of independence, the role of parents in this process were analyzed. Conclusions: the results of the study show that it is necessary to systematically and purposefully work with teachers of preschool organizations on the development of independence in children aged 5-6 years.

Keywords: autonomy, autonomy development, preschool organization, preschool age, 5-6 years old, research, experiment, factors, methods.

References

- 1 Ferguson, K.T., Cassells, R.C., MacAllister, J.W., & Evans, G.W. (2013). The physical environment and child development: An international review. *International Journal of Psychology*, 48(4), 437–468. DOI: 10.1080/00207594.2013.804190
- 2 Kontsepsiia razvitiia doshkolnogo, srednego, tekhnicheskogo i professionalnogo obrazovaniia Respubliki Kazakhstan na 2023–2029 gody [Concept of development of preschool, secondary, technical and vocational education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. (n.d.). *Informatsionno-pravoiaia sistema normativnykh pravovykh aktov RK «Adilet» — Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan “Adilet”*. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> [in Russian].
- 3 Gosudarstvennyi obshcheobiazatelnyi standart doshkolnogo vospitaniia i obucheniia [State obligatory standard of preschool education and training]. (n.d.). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> [in Russian].
- 4 Godina, G.N. (2010). Samostoiatel'nost kak komponent deiatel'nosti [Independence as a component of activity]. *Voprosy psikhologii — Questions of psychology*, 5, 26–34 [in Russian].
- 5 Margaretha, L., Kurniah, N., Dharmayana, I. W., Sasongko, R. N., & Lutfi, M. (2018). The Influence of Parents' Parenting Style towards the Independence of Preschool Children. *Indian Journal of Science and Technology*, 11(29), 1–6. DOI: 10.17485/ijst/2018/v11i30/128245.
- 6 Sarsenova, N.G. (2004). Könil kögindegi keruen [Caravan in the mood]. Astana: Foliant [in Kazakh].

- 7 Turebayeva, K.Zh. (2019). Balalardy mektepke daiarlaw ädistemesi [Methodology of preparing children for school]. Aktobe [in Kazakh].
- 8 Kerimbaeva, R.K. (2022). Mektep zhasyna deingi balalardy tüzetu-damytu jümystary [Correctional and developmental work of preschool children]. Taraz [in Kazakh].
- 9 Liublinskaja, A.A. Detskaia psikhologija [Child psychology]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 10 Osnitskii, A.K. (2006). Psikhologija samostoiatel'nosti. Metody issledovaniia i diagnostiki [The psychology of independence. Research and diagnostic methods]. Moscow–Nalchik: Tsentr «Elfa» [in Russian].
- 11 Kon, I.S. (2007). Psikhologija samostoiatel'nosti [Psychology of independence]. Moscow [in Russian].
- 12 Dmitriev, D.V. (Ed.). (2003). Tolkovyj slovar russkogo yazyka [Explanatory dictionary of Russian language]. Moscow: Astrel [in Russian].
- 13 Santrock, J.W., Sumiharti, Y., Sinaga, H., Damanik, J., & Chusairi, A. (2002). *Life-Span Development: Perkembangan Masa Hidup*. Erlangga: Jakarta.
- 14 Sait zhurnal «Obrazovatel'naja sotsial'naja set» [Website of the Educational Social Network magazine]. *nportal.ru*. Retrieved from <https://nportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2015/11/01/anketa-dlya-roditeley-naskolko-vash-rebenok-samostoyatelen> [in Russian].
- 15 Nemov, R.S. (2003). Psikhologija: uchebnik dlja studentov vysshikh pedagogicheskikh uchebnykh zavedenii [Psychology: A textbook for students of higher education institutions]. Moscow: VLADOS [in Russian].
- 16 Poliakova, M.N. (2012). Diagnostika samostoiatel'nosti kak integrativnoi kharakteristiki razvitiia rebenka doskol'nogo vozrasta [Diagnosis of independence as an integrative characteristic of the development of a preschool child]. *Detskii sad: teoriia i praktika — Kindergarten: Theory and Practice*, 10, 6–18 [in Russian].

Information about the authors

Nikolaeva, V.V. (contact person) — Candidate of pedagogical sciences, Associate professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: nww.88@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-1528-5788

Mikhalkova, O.A. — Candidate of pedagogical sciences, Associate professor, Sochi State University, Sochi, Russian Federation; e-mail: mihalkova_olga67@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4507-7883

Kerimbayeva, R.K. — Candidate of pedagogical sciences, Associate professor, Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan; e-mail: risti1971@mail.ru, ORCID 0000-0003-0430-1831

Ivshina, N.V. — 2nd year master's student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: n-ivshina7@mail.ru, ORCID 0009-0005-7254-4335